

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

10 ақпан 2021 жыл

KASE 2021 жылдың қаңтар айындағы биржалық нарықтың жұмыс қорытындыларын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2021 жылдың қаңтар айындағы қызметінің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттығының жиынтық көлемі 2021 жылдың қаңтарында 11,3 трлн теңгені құрады және 2020 жылдың желтоқсанына қарағанда 8 %-ға немесе 987,5 млрд теңгеге төмендеді.
- KASE Индексінің мәні 4,6%-ға немесе 124,34 нүктеге 2 799,92 нүктеге дейін өсті.
- Акциялар нарығын капиталдандыру 4 %-ға немесе 760,1 млрд теңгеге артып, 19,8 трлн теңгені құрады.
- Листинг процедурасынан мемлекеттік емес бағалы қағаздардың 2 эмитенті өтті.
- 2021 жылдың 01 ақпанындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 188 эмитенттің 473 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.
- 2021 жылдың 01 ақпанындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 136 685 жеке шоттар болды, бұл алдыңғы аймен салыстырғанда 3 824 шотқа және 2020 жылдың басына қарағанда 18 990 шотқа артық.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2021 жылдың қаңтарында KASE пайдаланушылардың кең ауқымына "KASE Mobile" мобильді қосымшасын ұсынды. Қосымша Биржаның ақпараттық өнімдерінің тізімін толықтырады және ең алдымен бөлшек және кәсіби инвесторлар үшін биржалық ақпаратқа қол жетімділікті жеңілдетуге бағытталған, сонымен қатар оның көмегімен сауда-саттыққа қатысуға мүмкіндік береді.

Қосымша пайдаланушыларға Биржада саудаланатын көптеген құралдар – акциялар, корпоративтік және мемлекеттік облигациялар, шетел валютасы бойынша нарықтық және анықтамалық ақпаратты қадағалауға мүмкіндік береді. "KASE Mobile" арқылы KASE нарығының индикаторлары бойынша деректерді, Биржа және оның эмитенттерінің жаңалықтарын қарауға болады.

"KASE Mobile" қосымшасының ерекшелігі нарықтар бойынша ақпаратқа "бір шертумен" құрылымдалған қол жеткізу, пайдаланушының бір бетте олардың бағаларын одан әрі қадағалау үшін таңдаулы құралдар жинағын жасау мүмкіндігі болып табылады. "KASE Mobile" пайдалану тегін және авторизацияны талап етпейді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Қаңтар айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 4%-ға немесе 760,1 млрд теңгеге артып, 19,8 трлн теңгені (46,8 млрд USD) құрады.

Қаңтар айының соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде 123 эмитенттің 139 акциялары болды, олардың үш шығарылымы "листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналымға жіберілді. Есептік айда жаңа акциялар ресми тізімге енгізілген жоқ.

Қаңтар айында Биржаның сауда-саттық тізімінен үш атаудағы жай акциялар алып тасталды: Tiffany & Co (US_TIF_) – аталған акцияларды жіберу бастамашысының ерікті делистинг туралы өтініші бойынша KASE ресми тізімінен (LVMH MOET HENNESSY компаниясының аталған акциялар эмитентін өзіне қосу себебінен негізгі алаң болып табылатын Нью-Йорк биржасының

тізімінен алып тасталуына байланысты); "Қазақстан Мақтасы" АҚ (KZMK) және "Азық-түліктік келісімшарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ (PRKR) – "листингілік емес бағалы қағаздар" секторынан 90 күн ішінде мәмілелердің болмауына байланысты.

2020 жылдың желтоқсанына қатысты қаңтар айында акциялармен сауда-саттық көлемі 18,7%-ға немесе 4,7 млрд теңгеге 20,5 млрд теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1,1 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны 1 390 құрады, бір мәміленің орташа көлемі – 817,9 мың теңге болды.

Есептік айда "БАСТ" АҚ бастапқы акциялар нарығы секторында сауда-саттық жүйесіне 600 млн теңге сомасына KZ1C00001015 (BAST) 54 546 жай акциясын орналастырды. Орналастыруға барлығы 364 485 жай акция ұсынылды. Ұсынысқа сұраныс 15% құрады. Белсенді өтінімдердің жалпы көлемінде заңды тұлғалардың үлесіне 81,7 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 18,3 % келді.

Қаңтар айында қайталама нарық көлемі 19,9 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдың желтоқсан айындағы көрсеткіштен 21,1 %-ға төмен.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің 54,2 % тиесілі болды. Брокер-дилерлердің үлесі – 7,7 % құрады. Басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне 5,3 %, өзге заңды тұлғаларға – 32,8% тиесілі болды. Резидент еместердің қатысуы 4,1 % мөлшерінде бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

KASE индексі қаңтар айының қорытындысы бойынша 4,6 %-ға немесе 124,34 нүктеге 2 799,92 нүктеге дейін өсті. Қаңтарда индекстік акциялармен жасалған мәмілелер көлемі ("ҚазТрансОйл" АҚ жай акцияларын сатып алу бойынша мамандандырылған сауда-саттықты қоспағанда) 3,2 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына тиесілі – 1,3 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 42,2 %).

KASE өкілетті тізіміне кіретін акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағаның өзгеруі		
		01.01.2021	01.02.2021	қаңтарда
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	3 502,00	4 100,00	+17,1 %
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	123,99	134,00	+8,1 %
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	KZAP	7 150,00	7 499,99	+4,9 %
"Кселл" АҚ	KCEL	2 760,00	2 839,90	+2,9 %
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	970,00	996,00	+2,7 %
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 697,00	1 690,00	-0,4 %
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	26 700,00	26 015,07	-2,6 %
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	215,64	210,00	-2,6 %

Есептік кезеңде индекстік қоржынның өкілдері арасында KAZ Minerals PLC жай акциялары өсу көшбасшылары болды, олар бір акция үшін 17,1 %-ға 4 100 теңгеге дейін өсті. Өсудің негізгі бөлігі, атап айтқанда 11 %-дан сәл астамы, қаңтардың бірінші сауда-саттық аптасында болды, ол кезде өндіруші компанияның акциялары мыс фьючерстерінің сегіз жылдық максимумдар деңгейіне дейін өсуіне байланысты оң нәтиже көрсетті.

Мыстың бағасы 2020 жылдың екінші жартыжылдығында Қытайдың жоғары сұранысының арқасында және 2021 жылы әлемдік экономиканың тез қалпына келу перспективаларына байланысты — әлемнің әртүрлі елдерінде COVID-19 вакциналарын жасау аясында айтарлықтай қалпына келді. Қаңтардың соңғы сауда-саттық аптасында компания акциялары мыстың фьючерстерінің бағасының төмендеуі аясында төмен қарай түзетіле бастады.

28 қаңтарда KAZ Minerals 2020 жылдың он екі айы мен төртінші тоқсаны үшін өндірістік есеп берді, оған сәйкес компания 2020 жылы мыс өндірісін 2019 жылмен салыстырғанда 1,8 %-ға

қысқартты. Мыс 2019 жылға қарағанда 5,2 %-ға аз сатылды. Компания хабарламасында айтылғандай, төмендеу 2020 жылдың соңында жүк жөнелтудің кешіктірілуіне байланысты. Есепті кезеңде алтын өндірісі де 2,6%-ға қысқарып, 9,1%-ға аз сатылды.

Бағаның айтарлықтай өсуін "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акциялары да көрсетті. Есептік айда акциялардың бағасы бір акция үшін 8,1 %-ға 134 теңгеге дейін өсті. Fitch агенттігінің 2020 жылдың қараша айында оң рейтингтік апгрейдпен белгіленген қаржылық көрсеткіштердің жақсаруы, сондай-ақ өз міндеттемелерін үлкен көлемде орындауға дайын екендігін көрсетуі инвесторларды еліміздің ірі банкінің қаржы активтерін көбірек сатып алуға ынталандырды.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ НАРЫҒЫ

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі қаңтар айында 1,6 %-ға немесе 239,3 млрд теңгеге 14,5 трлн теңгеге дейін төмендеді.

Қаңтар айының соңында KASE ресми тізімінде 72 эмитенттің 279 корпоративтік облигациялары болды. KASE ресми тізіміне "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ облигацияларының төрт шығарылымы енгізілді. KASE ресми тізімінен корпоративтік облигациялардың алты шығарылымы: "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ алты шығарылымы, "Кселл" АҚ бір шығарылымы және айналым мерзімінің аяқталуына байланысты "Самұрық-Қазына " ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ төрт шығарылымы алып тасталды.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні 8 базистік нүктеге жылдық 10,84 %-ға дейін өсті.

Қазақстан қор биржасындағы корпоративтік облигациялардың сауда-саттық көлемі желтоқсан айына қарағанда 65,8 %-ға немесе 451 млрд теңгеге 234,8 млрд теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 13 млрд теңгені құрады (қайталама нарықта – 9,1 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 20 мәміле (қайталама нарықта – 18 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 669 млн теңге (қайталама нарықта – 510,5 млн теңге) болды.

Қаңтар айында бастапқы нарықта корпоративтік облигациялар секторында жалпы сомасы 70,4 млрд теңгеге екі Эмитенттің облигацияларының бес шығарылымы орналастырылды, бұл желтоқсан көрсеткішінен 88,7% - ға немесе 553,7 млрд теңгеге төмен:

- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ кірістілігі жылдық 10,27–10,77 % болатын облигациялардың төрт шығарылымын (KFUSb4, KFUSb5, KFUSb8, KFUSb9) орналастыра отырып, 61,8 млрд теңге қаржы тартты;
- "KEGOC" АҚ өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 11,6161 % құрайтын, KZ2C00006658 (KEGCB3) облигацияларын орналастырып, 8,6 млрд теңге қаржы тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында ЕДБ үлесі – 48,1 %, брокер-дилерлер – 4,8 %, басқа институционалдық инвесторлар – 9,6 %, өзге заңды тұлғалар – 37,5 % құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2,7 есеге немесе 102,7 млрд теңгеге дейін 164,4 млрд теңгеге дейін өсті.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі 0,1 %-дан аз, брокер-дилерлер – 1,8 %, басқа институционалдық инвесторлар – 10,9 %, өзге заңды тұлғалар – 86,9 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,4 % құрады. Резидент еместердің үлесі 8,3 % құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ) НАРЫҒЫ

KASE-де саудаланатын мемлекеттік қарыздың номиналды құны қаңтар айының қорытындысы бойынша 3,7% - ға немесе 622,4 млрд теңгеге 17,4 трлн теңгеге дейін өсті.

Қаңтар айында МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі 2,3 есеге немесе 192,2 млрд теңгеге 342,3 млрд теңгеге дейін өсті, сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 19 млрд теңгені (қайталама нарықта – 3,8 млрд теңге), орташа күндік мәмілелер саны – 11 (қайталама нарықта – 5 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 1,8 млрд теңгені (қайталама нарықта – 840,4 млн теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығында сауда-саттық көлемі 274,3 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдың желтоқсан айының көрсеткішінен 3,3 есеге немесе 191,4 млрд теңгеге жоғары. Барлық көлем Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін орналастыруға тиесілі болды. Барлығы жылдық 9,29–10,40 % құрайтын облигациялардың алты шығарылымы орналастырылды (орташа сараланған кірістілік – жылдық 9,54–10,40 %). Резидент еместер бастапқы нарыққа қатысқан жоқ.

МБҚ бастапқы нарығындағы инвесторлар құрылымында ЕДБ үлесіне 78,3 %, брокер-дилерлер үлесіне – 0,4 %, басқа институционалдық инвесторлар үлесіне – 9,5 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 11,9 % болды. Резидент еместердің қатысуы 3,3 % шамада бағаланады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 1,2%-ға немесе 0,8 млрд теңгеге 68,1 млрд теңгеге дейін өсті. Қайталама нарық сауда-саттығының жалпы айналымы 78,6 % немесе 53,5 млрд теңге мөлшерінде МЕКАМ-мен жасалған мәмілерге, ал 20,3% немесе 13,9 млрд теңге Ұлттық Банктің нотасына түсті. Қалған 1,1 % (742,4 млн теңге) құрайтын көлем Қазақстан Республикасының еурооблигацияларының және шет мемлекеттердің МБҚ-мен жасалған мәмілелерге келіп түсті.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың құрылымында ЕДБ үлесіне 35,7 %, брокер-дилерлер үлесіне – 1,4 %, басқа институционалдық инвесторлар үлесіне – 16,2 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 46,6 % түсті, ал жеке тұлғалардың үлесі 1 %-дан аспайды. Резидент еместердің қатысуы 14,4 % шамасында бағаланады.

ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік айдың соңында KASE сауда-саттық тізімінде төрт халықаралық қаржы ұйымының: Еуразиялық даму банкінің, Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің, Халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) және Азия даму банкінің облигацияларының 34 шығарылымы болды.

Есептік айда осы секторда мәмілелер жасалған жоқ.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

01 ақпан айындағы жағдай бойынша "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында он компанияның басқаруындағы 17 қаржы құралы болды.

20 қаңтардан бастап KASE ресми тізіміндегі "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторына "ЦентрКредит – ақылды теңгерім" ИПИҚ KZPF00000231 (BCCIrb) пайлары "BCC Invest" АҚ басқаруымен енгізілді. Есептік айда сауда-саттық көлемі 5,4 млрд теңгені құрап, желтоқсан айына қарағанда 25,7 %-ға өсті.

Қаржы құралы	Көлемі, млн KZT	Мәмілелер саны
RU_UKFFipo	3 729,6	1 210
FHJlag	764,7	7
FFIN_or	260,5	120
FHJlpc	247,9	3
CSECfe	168,1	18
IE_FXBF	113,9	128
CSECgm	89,5	18
US_BIL_	21,8	8
US_SPY_	15,6	70
US_GLD_	8,9	2
FHJlds	0,1	7
FHJlhm	0,1	7
	5 420,8	1 598

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша 47,3 % – жеке тұлғаларға, 34,9 % – брокер-дилерлерге, 0,6 % – басқа институционалдық инвесторларға және 17,1 % – өзге заңды тұлғаларға тиесілі.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ

2021 жылдың 01 ақпанындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғаларға ашылған 136 685 жеке шоттар болды, бұл алдыңғы аймен салыстырғанда 3 824 шотқа және 2020 жылдың басына қарағанда 18 990 шотқа артық.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

2021 жылдың қаңтар айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа 28 KASE мүшесі қатысты. Есептік айда нарыққа үш брокер қатысты, оның брутто-айналымдағы қатысу үлесі 0,2 % құрады.

Шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі 954,1 млрд теңгені құрады, бұл өткен айдың көрсеткішінен 15%-ға немесе 168,8 млрд теңгеге төмен. 2021 жылғы қаңтарда сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 53 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 403, бір мәміленің орташа көлемі – 131,5 млн теңге болды.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада көрсеткіштің өткен айға қатысты өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамның номиналды өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық валютаның бірлігіне бағасы белгіленетін валютаның саны	Айдың соңындағы бағам (өзге.%)
USD/KZT	2 225,50 (-15,00 %)	98,04 % (-0,0004 %)	6 996 (-478)	417,96 – 425,00	424,21 (+0,78 %)
RUB/KZT	1 501,48 (-16,26 %)	0,88 % (-0,02 %)	162 (-33)	5,5470 – 5,7250	5,5996 (-1,52 %)
CNY/KZT	103,40 (-35,11 %)	0,70 % (-0,21 %)	78 (-5)	64,6100 – 65,5750	65,5672 (+1,33 %)
EUR/KZT	6,91 (x2,28)	0,37 % (+0,23 %)	21 (+7)	508,00 – 517,50	515,00 (+0,49 %)

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден көрініп тұрғандай, теңге қаңтар айын негізгі валюталарға әлсіреумен аяқтады, бірақ рубльге қатысты нығайды. Қолдау ретінде Сауд Арабиясының мұнай өндіру деңгейінің ақпаннан наурызға дейін төулігіне 1 миллион баррельге төмендеуі туралы деректерден туындаған мұнай өнімдері бағасының өсуі, сондай-ақ вакцинацияның дамуы болды. Алайда нарыққа қысым әлемдік экономиканы қалпына келтіруге қатысты инвесторлардың жалпы теріс көңіл-күйін көрсетті.

АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі өткен айдың көрсеткішіне қарағанда 4,8%-ға немесе 496,7 млрд теңгеге төмендеп, 9 752,2 млрд теңгені құрады.

Мәмілелер көлемі арқылы орташа өлшемді мәнді білдіретін MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күніне ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістілік мәні 1 б.н.-ге, жылдық 8,25 %-дан 8,24 %-ға дейін төмендеді, қаңтар айында орташа сараланған мөлшерлеме 8,18 % құрады.

РЕПО операцияларының нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 2021 жылдың қаңтар айында 8 520,4 млрд теңгені құрады, бұл өткен айдың көлемінен 802,5 млрд теңгеге немесе 8,6 %-ға кем. Операциялардың орташа күндік көлемі 473,4 млрд теңгені құрады, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа күндік саны – 411, бір мәміленің орташа көлемі – 1,2 млрд теңге.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 5 575,3 млрд теңгені немесе репо операцияларының жалпы көлемінің 65,4 % құрады, МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі – 2 940,3 млрд теңгені немесе 34,5 %, МБҚ-мен тікелей репо – 4,9 млрд теңгені немесе 0,1 % құрады.

Қаңтар айының соңына қарай ақша нарығының негізгі индикаторы – TONIA (биржада бағалы қағаздармен автоматты репо секторында жасалған, бір жұмыс күн мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) өзгерген жоқ және жылдық 8,25 % құрады.

TRION индикаторы (биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып, клирингтік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздармен автоматты репо секторында бір күн ішінде биржада жасалған, бір жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) 1 б.н. жылдық 8,25 %-дан 8,26 %-ға дейін ұлғайды.

TWINA индикаторы (биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып, клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ себетінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында биржада жасалған жеті жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) қаңтар айында жылдық 8,60% - дан 8,35% - ға дейін 25 б.н. төмендегенін көрсетті.

Жаңа жылдан кейін TONIA, TRION және TWINA репо операцияларының көрсеткіштері қатарлас төмендеді, бұдан әрі салық аптасының басталуымен бір ай бойы тар көлденең спрэдті сақтай отырып, өсті.

Валюталық своп операцияларының нарығы

Қаңтар айында валюталық своп операциялары нарығында сауда-саттық көлемі 1 231,8 млрд теңгені құрады, бұл 305,8 млрд теңгеге немесе желтоқсандағы көлемнің 33 %-на (926 млрд теңге) артық. Мәмілелер саны 245 құрады, бұл өткен аймен салыстырғанда 44 мәмілеге немесе 21,9 % артық.

Операциялардың орташа күндік көлемі қаңтар айында 68,4 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 14, бір мәміленің орташа көлемі – 5 млрд теңге болды.

Қаржы құралдардың құрылымда валюталық своп нарығындағы жалпы көлемнің 71 % бір күндік валюталық своппен (USDKZT_0_001) мәмілелерге, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 24,6 % екі күндік валюталық своппен (USDKZT_0_002) мәмілелерге, апталық валюталық своп мәмілесіне арналған сауда-саттықтың жалпы көлемінің 1,0 % (USDKZT_01W), айлық валюталық своппен (USDKZT_01M) сауда-саттықтың жалпы көлемінің 3,4% болды.

Бір күндік долларлық SWAP-1D (USD) своптың индикаторы қаңтар айының соңында 35 б.н. жылдық 8,28 %-дан 7,93 %-ға дейін төмендеді. Екі күндік SWAP-2D (USD) свопының мәні 4 б.н. жылдық 7,99 %-дан 7,95%-ға дейін азайды.

Деривативтер нарығы

Биржалық нарық секторында базалық активтері АҚШ доллары, KASE индексі және акциялардың жеке атаулары болып табылатын фьючерстер қолжетімді. Ақпан айының басында деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары болған жоқ, қаңтар айында операциялар жүргізілмеді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру деңгейі бойынша алтыншы орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы, қазіргі заманғы технологияларға ие және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтерінің толық спектрін ұсынады. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" Бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.